

**М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектебіндегі
педагогикалық кеңестің**

Хаттамасы № 3/2

Күні: 14.02.2025 ж

Қатысқандар: 70

Қатыспағандар: 4

Күн тәртібінде:

Ағымдағы мәселелер «Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың қозғалыс белсенділігін қалыптастыру» 5-сыныптарға арналған оқу әдістемелік нұсқаулық бағдарламасын талқылау педагог дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Шерматов Н. Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі С.Мауленовтың 10 сыныптарға арналған «Сөз өнері» тақырыбында жасалған әдістемелік нұсқаулығын және мектептің тәлімгері Г.Рысбаеваның «Тұлғалық өсу және өзін бағалау» тақырыбында жасалған әдістемелік нұсқаулықтарды талқылау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Қ. Исаев қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі С.Мауленов, дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.Шерматов, Г.Рысбаеваның 2024-2025 оқу жылына жасалған сыныптарға арналған әдістемелік нұсқаулық жұмыстары жасалғанын айтып өтті. Әдістемелік нұсқаулық жұмыстары оқушылардың сауаттылығын ойлау, бағалау және максаттарына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында жасалғаны айтылды. Оқушылардың ой-өрісін қалыптастыру және пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық ізденісіне жол ашу мақсатында жасалғанын айтты. Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі С.Байдалиева, ДООЖО Ғ.Қыдырбаев, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н.Тағаев, С.Мауленовтың, Н.Шерматовтың және Г.Рысбаеваның жасалған әдістемелік нұсқаулық жұмыстары ережеге сай, қағидалары толық сақталғанын айтып өтті. Қазіргі таңда балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үдерісіндегі өзекті тақырыптардың бірі екеніне назар аударып, балаларға пайдалы білімді қамтитындығын айтты. Мектеп ішінде үйірме курсына пайдалануға болады деп ұсынды.

Бағдарлама балалардың пәнге деген білімдерін дамытады, оқу іс-әрекетінде белсенді оқыту тәсілдері арқылы жүзеге асыруға болатынын нақтылады. Тақырып бойынша қойылған мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелерімен ұштаса қысқа мерзімді жоспарлары құрастырылған.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі С.Мауленовтың 10 сыныптарға арналған «Сөз өнері» тақырыбында жасалған әдістемелік нұсқаулығы, мектептің тәлімгері Г.Рысбаеваның «Тұлғалық өсу және өзін бағалау» тақырыбында жасалған әдістемелік нұсқаулығы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н.Шерматовтың «Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың қозғалыс белсенділігін қалыптастыру» тақырыбында жасалған әдістемелік нұсқаулығы өзекті деп табылып, тәжірибеде қолданылсын.

Төраға:

Хатшы:

Ауғанбаев Қ

Алимбетова А